

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
AL-FARABI KAZAKH NATIONAL UNIVERSITY

ФИЛОЛОГИЯ ЖӘНЕ ӘЛЕМ ТІЛДЕРІ ФАКУЛЬТЕТІ



Қазақстан 2050



V ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ФАРАБИ ОҚУЛАРЫ

Алматы, Қазақстан, 3-13 сәуір 2018 жыл

Студенттер мен жас ғалымдардың

«ФАРАБИ ӘЛЕМІ»

атты халықаралық ғылыми конференция

МАТЕРИАЛДАРЫ

Алматы, Қазақстан, 11-12 сәуір, 2018 жыл



V МЕЖДУНАРОДНЫЕ ФАРАБИЕВСКИЕ ЧТЕНИЯ

Алматы, Казахстан, 3-13 апреля 2018 года


МАТЕРИАЛЫ

международной научной конференции

студентов и молодых ученых

«ФАРАБИ ӘЛЕМІ»

Алматы, Казахстан, 11-12 апреля 2018 года



V INTERNATIONAL FARABI READINGS

Almaty, Kazakhstan, 3-13 April 2018

MATERIALS

International Scientific Conference of
Students and Young Scientists

«FARABI ALEMI»

Almaty, Kazakhstan, April 11-12, 2018

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE OF REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ АЛЬ-ФАРАБИ
AL-FARABI KAZAKH NATIONAL UNIVERSITY

Филология және әлем тілдері факультеті
Факультет филологии и мировых языков
Faculty of Philology and World Languages

V ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ФАРАБИ ОҚУЛАРЫ
Алматы, Қазақстан, 3-13 сәуір, 2018 жыл

Студенттер мен жас ғалымдардың
«ФАРАБИ ӘЛЕМІ»
атты халықаралық ғылыми конференциясының
МАТЕРИАЛДАРЫ
Алматы, Қазақстан, 11-12 сәуір, 2018 жыл

V МЕЖДУНАРОДНЫЕ ФАРАБИЕВСКИЕ ЧТЕНИЯ
Алматы, Казахстан, 3-13 апреля 2018 года
МАТЕРИАЛЫ
Международная научная конференция
студентов и молодых ученых
«ФАРАБИ ӘЛЕМІ»
Алматы, Казахстан, 11-12 апреля 2018 года

V INTERNATIONAL FARABI READINGS
Almaty, Kazakhstan, April 3-13, 2018

MATERIALS
International Scientific Conference of
Students and Young Scientists
«FARABI ALEMI»
Almaty, Kazakhstan, April 11-12, 2018

Алматы
«Қазақ университеті»
2018

Бас редактор:
филология ғылымдарының докторы, профессор Ө. Әбдиманұлы

Ғылыми редактор:
филология ғылымдарының кандидаты, доцент м.а. К.К. Күркебаев

Редакциялық алқа мүшелері:
Б.Құлжанова, Ү.Әділбаева, Ж.Бурабаева, Б.Жұмабек, С.Умбетъярова.

БІЗДІҢ ӘРІПТЕСТЕРІМІЗ:



Студенттер мен жас ғалымдардың «ФАРАБИ ӘЛЕМІ» атты халықаралық ғылыми конференциясы материалдары. Алматы, Қазақстан, 2018 жыл, 11-12 сәуір.
– Алматы: Қазақ университеті, 2018. – 300 б.
ISBN 978-601-04-3303-8

Ғылыми басылымда студенттер мен жас ғалымдарға арналған халықаралық ғылыми конференция материалдары енгізілген.
Бұл жинақ ғылыми қызметкерлерге, оқытушыларға, студенттерге, магистранттар мен докторанттарға арналады.

© Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, 2018

Ғылыми басылым

V ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ФАРАБИ ОҚУЛАРЫ
Алматы, Қазақстан, 3-13 сәуір 2018 жыл

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«ФАРАБИ ӘЛЕМІ» атты
Халақаралық ғылыми конференциясының**

МАТЕРИАЛДАРЫ

Алматы, Қазақстан, 09-12 сәуір 2018 жыл

ИБ № 11870

Басуға 06.04.2018 жылы қол қойылды. Формат 60x84 1/16.
Көлемі 25,0 б. т. Тапсырыс №.1668 Таралымы 300 дана.
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің
«Қазақ университеті» баспа үйі.
Алматы қаласы, әл-Фараби даңғылы, 71.
«Қазақ университеті» баспа үйі баспаханасында басылды.

Ысқақ О. РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ ТІЛІ	212
Шаханов Т.А. ПЕРЕХОД НА ЛАТИНИЦУ- КУРС К НОВОМУ МЫШЛЕНИЮ.....	213

VIII СЕКЦИЯ
ЖАС ҒАЛЫМДАР

Абдрахимова Г. ШӘКӘРІМНІҢ СОПЫЛЫҚ КӨЗҚАРАСТАРЫ.....	214
Ахметкалиева Л.Ж. ПРАГМАТИКА – ТІЛ БІЛІМІНДЕГІ КӨП АСПЕКТІЛІ БАҒЫТ	214
Досанова Н.Ж. XX ҒАСЫР БАСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНІҢ ЗЕРТТЕЛУІ.....	215
Се Вэйнин XX ҒАСЫРДЫҢ БАСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ЖӘНЕ ҚЫТАЙ РОМАНДАРЫНДАҒЫ	
ӘЙЕЛ ТЕҢСІЗДІГІ МӘСЕЛЕЛЕРІ.....	216
Мухаметжанова С.Н. ШОҚАН ЖӘНЕ «МАНАС»: ЖЫР ҮЗІНДІСІНІҢ ЖАЗЫП АЛЫНУЫ МЕН	
ЖАРИЯЛАНУЫ.....	216
Мұхаметкерім М. М. ӘЛ-ФАРАБИДІҢ «БАҚЫТ ЖОЛЫНА СІЛТЕУ» ТРАКТАТЫНДАҒЫ	
«БАҚЫТ» СӨЗІНІҢ ПРАГМАТИКАСЫ	217
Чалимбекова М. ТӘУЕЛСІЗДІК КЕЗЕҢІ ЖӘНЕ Өңгіме жанры.....	218
Бигелдиева Н. ЖЫЛҚЫ ТҮСІНІҢ ТІЛДЕГІ ТАНЫМДЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ.....	218
Мырзахмет М.Ж. ҒАЛАМНЫҢ ТІЛДІК БЕЙНЕСІНДЕГІ «МАХАББАТ» КОНЦЕПТІСІ	219
Алмас Л.А.МЕТОД ЛИНГВОКУЛЬТУРОЛОГИЧЕСКОГО АНАЛИЗА В ПРАКТИКЕ ОПИСАНИЯ	
ФРАЗЕОЛОГИЧЕСКИХ ЕДИНИЦ	220
Алтыбаева К. ФОРМЫ КОНЦЕПТУАЛЬНОЙ СИМВОЛИКИ РОМАНА Р. СЕЙСЕНБАЕВА «МЕРТВЫЕ	
БРОДЯТ В ПЕСКАХ».....	221
Қосынғали А. ҚАЗАҚ ӘЛІПБИЕНЕ КӨШУДІҢ МӘНІ.....	222
Akhmedova J. THE TRANSLATION OF G.G. BYRON'S POEMS INTO THE KAZAKH LANGUAGE	222
Aliakbarova A. THE IMPACT OF GLOBALIZATION ON THE TRANSFORMATION OF NAMING SYSTEM	
IN KAZAKHSTAN.....	223
Dyussenova L.M. THE IMAGE OF WOMAN IN THE NOVEL “JANE EYRE”	224
Imanberlinova G. USING GAMES IN LANGUAGE TEACHING	224
Kaliyeva M. THE ASPECTS OF NEUROLINGVIC PROGRAMMING IN THE STUDY OF FOREIGN	
LANGUAGES.....	225
Ongarbayeva M. S. METAPHORIZATION OF METEOROLOGICAL LEXIS ON THE MATERIAL	
OF ENGLISH LANGUAGE	226
Pak L.V. AN ANALYSIS OF GENDER PERFORMATIVITY UTILIZING CONTEMPORARY WOMEN’S	
PROSE (ON THE MATERIAL OF THE NOVEL “A DRAGONFLY ENLARGED TO THE SIZE OF A DOG”	
BY O.SLAVNIKOVA)	226
Sadyrbaeva Z.N. NAMING OF BEVERAGES OF KAZAKHSTAN:COMMON PROBLEMS	227
Sailau M. THE SPEECH ACT OF THREAT IN THE SLANG OF MODERN YOUTH	228
Sartova A. ANALYSIS OF LEGAL TERMS IN THE MODERN CHINESE LANGUAGE	229
Seisebayev A. THE IMPORTANCE OF THE TITLE (Ideonims) IN ENGLISH NEWSPAPERS	229
Shoybek A.Zh. THE PROBLEM OF ADAPTATION OF FOREIGN STUDENTS IN KAZAKHSTAN.....	230
Toleuova A.B. EFFECTIVE USE OF INFORMATION TECHNOLOGIES IN THE FORMATION DISCURSIVE	
COMPETENCE.....	230
Тунайкулова М.Е.,Танашова А. ART EDUCATION AS A METHOD OF TEACHING LANGUAGE.....	231
Usmanova Z. WOMEN POETRY IN PATRIARCHAL KOREAN SOCIETY	232
Utemgaliyeva N. A. THE FORMATION OF MODERN ACADEMIC TERMINOLOGY	233
Zhiren B.J. THE MAIN PHENOMENAL ASPECTS OF GIFTED ART STUDENTS AND SOCIAL	
PEDAGOGICAL WORK IN ARTISTIC SPHERES	233
Zhumabayeva B.A. FEATURES OF CREOLIZED TEXTS IN KAZAKH AND ENGLISH LANGUAGES	234
Абишев Ж.Д. СПОРНЫЙ ТЕКСТ КАК ИСТОЧНИК КОММУНИКАТИВНЫХ КОНФЛИКТОВ:	
ЛИНГВИСТИЧЕСКИЙ И ПРАВОВОЙ АСПЕКТЫ.....	236
Ақжігітова А.О. АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫНЫҢ ТЕРМИНДЕРІНІҢ ЛИНГВОТАНЫМДЫҚ	
СИПАТЫ.....	236
Алашбаева Ж.Н. ТҮРКІ ЖАЗБА ЕСКЕРТКІШТЕРДЕГІ БЕЙНЕЛІ СӨЗ ТІРКЕСТЕРІ.....	237
Алимбаева Г.К. Т.ШОНАНҰЛЫ ЕҢБЕКТЕРІНІҢ ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ	
ҒЫЛЫМЫНДАҒЫ МАҢЫЗЫ.....	237
Аляхимет А.Ф. КОСМОНИМЫ И АСТРОНИМЫ КАК ОНОМАСТИЧЕСКИЕ ЕДИНИЦЫ	238
Ан Джин Енг ПЕРЕВОДЫ ПРОИЗВЕДЕНИЙ А.П.ЧЕХОВА НА ИНОСТРАННЫЕ ЯЗЫКИ.....	239
Андреева А.Н. УЧЕБНО-РЕЧЕВЫЕ СИТУАЦИИ КАК НАИБОЛЕЕ ЭФФЕКТИВНЫЙ МЕТОД	
ОБУЧЕНИЯ АНГЛИЙСКОМУ ЯЗЫКУ	240
Бәшіров Н.Қ. ХИКАЯ КЕЙІПКЕРЛЕРІ ЖӘНЕ МИФТІК ҚҰБЫЛУШЫЛЫҚ	241

психологтардың да арасында сойлеу мен ойлау процесінің қайсысы бірінші адам миында қалыптасатындығы әлі күнге дейін шешімін таппаған. Сондықтанда дағдылы қатысым барысында сөз мәнінің мақсаты (прагматика) бірінші ме, ойлау я сойлеу процестері алғы орында ма немесе адам миындағы күрделі механизм ойлау мен сойлеу бүгінгі тіл біліміндегі жаңа бағыт прагматиканың болып жатады ма деген күрделі сауалдар айналасында ой қозғалды.

Прагматика сан аспектілі бағыт. Сол себепті оның психологиядағы және философиядағы мәнінен ажыратып тіл білімі саласында жеке дара зерттеуге негіз жоқ. Тек кешенді зерттеу арқылы ғана прагматиканың негіздері анықталды. Зерттеу жұмысында прагматиканың негізі ойлау ұғым, пікір және ой қорытындылары сынды сатылардан құралып барып қалыптасып, сөз күйіне енгенде ғана дәлелделетіндігі аңғарылды. Ойлаудың осы үш формасын мысалдар арқылы дәйектеп, тіл білімі аясында талдаулар жасалынды.

Қорыта келе, ойлау мен сойлеу прагматиканың негізгі құраушы тетіктері болып отыр. Прагматика-адамның көздеген мақсатқа жетуде қажетті тілдік бірліктерді қолдану арқылы тындаушысына әсер етуі ғана емес, адамның сойлеу әрекетін жүзеге асыруына дейінгі процесін де қамтитын сатылы да күрделі, көп аспектілі бағыт.

XX ҒАСЫР БАСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНІҢ ЗЕРТТЕЛУІ

Досанова Н.Ж.

Ғылыми жетекшісі: ф.ғ.д., профессор Әбдиманұлы Ө.

«БД020500-Филология» мамандығының 1-курс докторанты

XX ғасырдың басы – қазақ халқының ғана емес, сонымен қатар адамзат қоғамы үшін де қоғамдық санаға сансыз өзгерістер, сілкіністер әкелген ерекше кезең. Бұл кезеңде ұлттық сананың ең өнімді саласы болып табылатын әдебиеттің, қоғамдық сананың негізі – баспасөз ісі алға шықты. Қазіргі таңда бұл кезеңге арналып жазылған зерттеу еңбектері аз емес, бірақ оны зерттеуге деген қызығушылық, талпыныстар ғасырдың бас кезінде-ақ аңғарыла бастаған. Алғашқы кезеңдерде жекелеген мақалалар мен мектепке арналған оқулықтарда сөз бола бастаса, уақыт өте келе терең зерттеліп, оларға үлкен зерттеу еңбектері арналып жазылды.

XX ғасыр басындағы қазақ әдебиетінің үдерісін сол кездегі қазақ қауымының саяси-әлеуметтік ахуалынынан бөліп қарау мүмкін емес. Әдеби шығарманың көркемдік-идеялық табиғатын, жанрлық түрлену ерекшеліктеріне дейінгі ішкі құбылыстарын тек қоғамдағы қарым-қатынастар мен сол мазасыз дәуірдегі дүниетаным аясында ғана парықтауға болады. Ал бұл кезең қазақ қауымы үшін аса күрделі тарихи белес еді.

Бұл кезеңдегі зерттеу еңбектерді екі топқа бөліп қарастыруға болады:

1. XX ғасыр басындағы қазақ әдебиетінің 1950 жылдарға дейінгі зерттелуі. Бұл топқа Ахмет Байтұрсынұв, Райымжан Мәрсекөв, Сұлтанмахмұт Торайғыров, Міржақып Дулатов, Мағжан Жұмабаев, Мұхтар Әуезов, Сәбит Мұханов, Есмағанбет Ысмайылов т.б.

2. XX ғасыр басындағы әдебиеттің 1950 жылдан қазіргі кезеңге дейінгі зерттелуі. Аталған кезеңдегі зерттеулерге Бейсембай Кенжебаевтың «Қазақ халқының XX ғасыр басындағы демократ жазушылары» (1958), «XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті» (1976), Серік Қирабаевтың «Спандияр Көбеев», Әбсаттар Дербісәлиннің «Қазақтың октябрь алдындағы демократияшыл әдебиеті» (1966), «Дәстүр мен жалғастық» (1969), «Таланттар тағлымы» (1988), Тұрсынбек Кәкішевтің «Сын сапары» (1971), «Қазақ әдебиеті сынының тарихы» (1994), Рымғали Нұрғалидың «Әуезов және Алаш» (1997), Зинов-Ғабден Бисенғалидың «XX ғасыр басындағы қазақ романы» (1997), «XX ғасыр басындағы қазақ прозасы» (1989), Балтабай Әбдіғазыұлының «Шәкәрім шығармашылығының дәстүрлік және көркемдік негіздері» (2000), Өмірхан Әбдиманұлының «XX ғасыр бас кезіндегі қазақ әдебиеті» (2002), «Ұлт-азаттық идеяның XX ғасыр басындағы қазақ әдебиетіндегі көркемдік мәні мен жаңашылдық сипаты» (2007), Д.Қамзабек, З.Сүтжанов т.б. жатады.

XX ғасыр басындағы қазақ әдебиетін танып-білуде жоғарыда екі топқа бөлініп аталған еңбектердің кейінгілерінің маңызы өте зор. Өткені алдыңғы кезеңдегі еңбектер уақыт ырқынан шыға алмай, заманның ағымымен жазылды. Дегенмен де, бұл еңбектердің де 90-жылдарға дейінгілерінде уақыт ағымына байланысты айтылмай қалған, бұрмаланған жерлер жетерлік. Ол еңбектер қалыптастырған көзқарастар, жалпы алғанда, XX ғасыр басындағы әдебиеттің өрісін айқындауға, даму ерекшелігін тануға, тіпті жеке шығармашылық тұлғаларға деген пікірлерді белгілі бір қалыпқа салып, шығармашылық болмысын толыққанды түрде ашуға мүмкіндік бермеді және бұл кезеңдегі әдебиеттің келелі мәселелеріне арналғанымен, әр кітаптың жазылуында өзіндік мақсат пен мүдде әр түрлі болды. Кейбір зерттеушілер

(Ысқақ Дүйсенбаев, Серік Қирабаев, Шернияз Елеукенов, Арап Еспенбетов, Балтабай Әбдігазиұлы т.б.) өз зерттеулерінде сол кезең әдебиетінің жекелеген өкілдерінің өмір жолы мен шығармашылығын арқау етсе, келесі зерттеушілер шоғыры ХХ ғасырдың басындағы әдебиеттің жалпы даму бағытын айқындау тұрғысынан (Бейсенбай Кенжебаев, Әбсаттар Дербісәлин, Рымғали Нұрғалиев т.б.) зерттеді. Зерттеушілердің үшінші тобы белгілі бір жанрдың қалыптасу, даму сипатына зер сала (Б.Шалабаев, Т. Кәкішев, Т.Әбдірахманов, З.Бисенғали), әдеби дәстүр, жаңашылдық мәселелерін сөз етушілер де болды (А. Нұрқатов, т.б.).

XX ҒАСЫРДЫҢ БАСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ЖӘНЕ ҚЫТАЙ РОМАНДАРЫНДАҒЫ ӘЙЕЛ ТЕҢСІЗДІГІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Се Вэйин

*Ғылыми жетекшісі: ф.ғ.д., профессор Зиһол-Ғабден Бисенғали Қабиұлы
«6D020500-Филология» мамандығының 1-курс докторанты*

XX ғасыр адамзат үшін үлкен мәні бар екені бәріне белгілі. Әсіресе ХХ ғасыр басында қай елде болса да, көп қоғамдық өзгерістер орын алып жатқан. Ал осындай өзгерістердің бірі – ер мен әйел арасындағы қарым-қатынастардың өзгерісі болып табалады. ХІХ ғасырдың екінші жартысында шығыс Еуропа елдері мен АҚШ-тың әйелдері, ер адамдар сияқты зауытта жұмыс істеп, өздері ер адамдардан томен болып тұратынына риза болмағандықтан әйел теңсіздігі деген қоғамдық мәселені көтерді. ХХ ғасырдың басында олардың әйел теңдігін алу үшін бастаған күресі әлемнің көптеген елдеріне ықпал етті. Бұл қатарда қазақ және қытай халқы да бар.

Әйел теңсіздігі ХХ ғасыр басында өмір сүрген қазақ акын-жазушыларының негізгі бір тақырыбы еді. С. Көпеев, С. Торайғыров секілді ағартушы-демократтық бағыттағы акын-жазушылар қазақ халқының өмірін бейнелегенде әйел теңсіздігі мәселесіне басты назар аударып, әйелдердің көрген зорлығын мен олардың қайғысын мейлінше терең ашып көрсетті. Мәселен, С. Көпеевтің «Қалың мал», С. Торайғыровтың «Қамар Сұлу», М. Дулатовтың «Бақытсыз Жамал», Ж. Аймауытовтың «Ақбілек», Т. Жомартбаевтың «Қыз көрелік» т. б. Жоғарыда айтылған шығармаларды қарап отырсақ, олардың екі тенденцияны, авторлық екі концепцияны аңғаруға болады. Оның бірінде шығармада өзара ұғынысқан, түсініскен қыз бен жігіт бірін-бірі сүйе тұра күресуге дәрменсіз болып бейнеленеді. Ал екіншісінде бір-бірін жете түсінген жастар үлкендер арасынан тілектес кісілер тауып, түрлі амал-айла асырып, қарсы топ адамдарымен күресе жүріп бақытқа жетеді. Осы екі тенденция ХХ ғасырдың басындағы қытай романдарында да көрініс табалады, алайда қазақ шығармаларына қарағанда, сол кездегі қытай романдарында соңы бақытпен аяқталатын кез аз болды, себебі қытайдың дәстүрі бойынша әйелдер тұрмысқа шыққанға дейін әкесін тыңдау керек, содан кейін күйеуін тыңдау керек, күйеуі қайтыс болса, ұлын тыңдау керек, яғни ол өмір бойы өзінің тағдырын өзі шеше алмайды. Сондықтан ХХ ғасыр басындағы шығыс Еуропа немесе Жапонияға барып қайтқан қытай ағартушы зиялылары өз халқының әйелдеріне тілектестік білдіріп, олардың бақытсыз тіршілігін бейнелеген. Әсіресе 1919 жылы орын алған «4 мамыр қозғалысынан» кейін *Демократия мен Ғылым* деген лозунг ұстаған қытай акын-жазушылары әйел теңсіздігі мәселелеріне ерекше көңіл бөліп, көп туындылары шыққан, мәселен Ба Цзиннің «Отбасы», Лу Синнің «Тілек», «Жаралаған мен Өлген», Сяо Хунның «Хулан көл естеліктері» т.б. Олар тек әйел теңсіздігі мәселелерін емес, сонымен қатар сол кезіндегі Қытай қоғамындағы карама-қайшылықтарды аса терең ашып көрсетті.

ШОҚАН ЖӘНЕ «МАНАС»: ЖЫР ҮЗІНДІСІНІҢ ЖАЗЫП АЛЫНУЫ МЕН ЖАРИЯЛАНУЫ

Мухаметжанова С.Н.

*Ғылыми жетекшісі: ф.ғ.д., профессор Ж.Ж.Тілепов
«6M020500-Филология» мамандығының 2-курс магистранты*

Әр халықтың ұлттық фольклортану ғылымы қоғамдық, әлеуметтік ой-пікірдің дәрежесіне орай өзіне тән ерекшеліктерімен дамиды. ХVІ ғасырдың соңына таман Ресейдегі ұлттық қоғамдық ой-пікірге сай қалыптасқан зерттеушілік көзқарас көшпелі халықтардың фольклортану саласында еңбек еткен Шоқанға да ықпал етпей қоймады. Шоқан фольклорлық мұраны ғылыми тұрғыда зерттеуді қолға алды. Ғалымның хатқа түсірген, орыс тіліне аударып, бүкіл әлемге таныстырған «Манас» жырының үзіндісі – «Көкөтай ханның асы» осыған дәлел.